



№ 18 (1447)
8 мамыр,
2012 жыл

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

Ғалым МҰТАНОВ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
ректоры

ЖЕҢІС ТУЫ МӘҢГІЛІК БОЛСЫН!!!

ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР ЖӘНЕ СТУДЕНТТЕР!

Сіздерді 9 мамыр – Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтаймын! Ұлы Отан соғысы – біздің халқымыздың, аға буын өкілдерінің, әкелеріміз бен аналарымыздың биік рухын, ерлігі мен қаһармандығын әлемге танытқан сын сәті.

Ұлы Жеңіс – аға ұрпақтың Ұлы ерлігін мәңгілікке ел жадында сақтауға арналған ең қастерлі мереке. Отанға деген сүйіспеншілік аса қатыгез сұрапыл соғыста жеңіске жол ашты. Қазақстан үшін Жеңіс пен жетістік ұғымдары еліміздің даму қарқынымен қашан да қанаттас келеді.

Жас ұрпақ өкілі үшін ҰОС-дағы қазақстандық Кеңес Одағы Батырларының жауынгерлігі – үлкен ерлік мектебі. Қара шаңырақ ҚазҰУ-дың өзінен де үш жүзге жуық оқытушы мен студент майданға қатысты. Соның ішінде өз еркімен майданға аттанған ҚазМУУ-дың ректоры Ф.Т. Оликов, Ұлы Отан соғысының батыры атағын алған А.Г. Попов есімдерін, арамызда жүрген профессорлар У.Х. Шәлекенов, Ф.Ж. Жұматов және тағы басқа ардагерлерді ерекше атауға болады. Ұрпақ бойына Отансүйгіштік, патриоттық сезім қалыптастыруда ардагерлеріміздің орны бөлек.

Құрметті ардагерлер! Ел үшін аянбаған ерліктеріңіз қашан да ұлықтауға ие, біз әркез сіздермен мақтанамыз. Жеңіс күні сіздерге, мықты денсаулық, шаңырақтарыңызға қуаныш сыйласын. Ұлы мерекесінде баршамызға шаттық, елімізге амандық, тыныштық тілеймін



Ұлы Отан соғысындағы қайсарлық пен даңқ елімізге жеңіс туын әкелді. Бұл ұғымда, әрине, ардагерлеріміздің, жауынгерлеріміздің биік рухы ерекше. Ардагерлерге құрмет көрсету – жеңіс ұғымын қастерлеудің бірегейі.

Бүгінде республикалық деңгейде Жеңіс күні түрліше мерекеленіп, ардагерлер көңіліне қуаныш сезімін ұялату шаралары жүзеге асып, кезек-кезегімен сый-құрмет жүзеге асуда. 8 мамырда мұндай іс-шараның бірі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да да өз жұмысын бастайды. Ректор Ғ.М. Мұтановтың қолдауымен оннан астам Ұлы Отан соғысының ардагері, сексенге жуық тыл ардагері, он шақты Ауған соғысының ардагері және ҚазҰУ Ақсақалдар кеңесінің төрағасы Сұлтан Сартаев, кеңес төрағасының орынбасары Зұлқайыр Мансұров және кеңестің басқа да мүшелері жайылған дастарқанда бас қосып, жеңіс күніне арналған концерттік шараны тамашалайды. Сонымен бірге ардагерлерді

ДАҢҚ ПЕН ҚАЙСАРЛЫҚ



құттықтау үшін университетке Алматы қалалық соғыс және еңбек майданы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Еренғайып Мәлікұлы және Бостандық ауданы соғыс және еңбек майданы ардагерлер Кеңесінің төрағасы Хамит Біржанұлы да арнайы келіп, мерекелік тілектерімен бөліспек.

Жеңіс күнінің ҚазҰУ үшін де орны ерекше. ҚазҰУ-дан барлығы 287 оқытушы мен студент майданға қатысты. Соғыс жылдары ҚазҰУ ма-

мандарды даярлай отырып, майдан даласын керек қажеттіліктермен, қосымша мамандармен қамтамасыз етіп отырған. Ол бүгінгі ұрпақтың патриоттық сезімдерін дамытуда үлкен өнеге. Қара шаңырақтың ардагерлерімізді ұлықтауы – аға буынға деген студенттердің құрметін арттырып, Отансүйгіштік қасиетін дамыта бермек.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

ТҰҒЫР

Ғаббас ЖҰМАТОВ, Ұлы Отан соғысының ардагері :

«Мені әскерге шығарып салған да, қарсы алған да қазақтың қара домалақ қызы – Раиса еді»

Бүгінде тәуелсіздіктің ақ таңында Қазақстанды әлем мойындап, елімізді үлгі етіп отырған мемлекеттер де баршылық. Оған, әрине, шүкір дейсің. Иә, тәуелсіздік оңай келген жоқ. Алаштың азат күніне жетуде қанша жыл, қанша жас, қанша тер кетті. Бейбітшіліктің көк аспанында тарих койнауына кеткен сол зұлмат күндердің ауыртпалығына налып, жеңіске тағзым етесің. Сол зұлмат күндердің бірі 1941–1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы екені әмбеге аян.

9 мамыр жеңіс күніне орай, Брест қамалының оңтүстік бекінісін қорғаушылардың бірі, Ұлы Отан соғысының ардагері, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессоры, ҚазҰУ Ақсақалдар кеңесінің мүшесі, ҚазҰУ соғыс және еңбек ардагерлері қоғамының тұрақты төрағасы Жұматов Ғаббас Жұматұлымен әңгімелесіп, сын сағаттардан сыр шерткен едік.

- Ғаббас ата, тұғыры биік туған жердің иесі өз сиқыры бар. Сол күндерді сағынбай, мен келмекке кеткен балалық балдәуреннің жүректі тебірентпей, өткен күннің белгісін көз

алдыңыздан бір сырғытпай тұрмасыңыз анық. Бүгін бір туған жердің киелі топырағынан сыр тартсақ

- 1918 жылы Павлодар облысының, Баянауыл ауданында күз айының басында дүниеге келдім. Отбасында бір анандан 8 ағайынды жан өрбідік. Соғыстан кейін бесеу едік, қазірде сол тұқымнан жалғыз мен ғана қалдым. Әкем Жұмат Досқараев 1950 жылы 46 жасында Өзбек Орта Азиялық

университетіне түсіп, Қарақалпақ елінде, Ақтөбе қаласында жоғары дәрежелі мектепте ұстаздық қызмет атқарды. Анам Қанида Мәдина Мәдіқызы бала тәрбиесімен айналысты. Әкем, үлкен бауырларым ғылым жолына шырақ алып түскен ғалымдар санатынан еді. Бауырларымының арасында ортаншы болып ер жеткен жайым бар.

(Жалғасы 4-бетте)

БҮГІНГІ САНДА:

Айналады нұрландыр



3-бет

БҮГІНГІ САНДА:

Кітапқа деген сүйіспеншілік



5-бет

БҮГІНГІ САНДА:

Бейбіт күн – ардагерлер аманаты



7-бет

■ БАСҚОСУ

БІЛІМДІ ҰРПАҚ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҮЛГІСІ

Қазақстан ғылымына әлемдік ғалымдар тағы бір марапат білдірді. Экономика ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессоры Сағындық Сатыбалдиннің 4 сәуір күні университетте өткен 75 жылдық мерейтойы жиынында Алматы қаласы әкімінің орынбасары Серік Сейдуманов ғалымға Кембридж университеті Халықаралық Библиографиялық орталығының айрықша ерекшелік медалын табыс етті.

тілге тиек етіп: «әлем ғалымдарын мойындату – батыр деген атаққа лайық», - деді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, ҚР ҰҒА академигі, экономика ғылымдарының докторы, профессор Сағындық Сатыбалдыұлының 75 жылдық мерейтойына арналған салтанатты жиынға сонымен бірге ҚР ҰҒА академигі К. Сағадиев, Алматы қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы, профессор Е. Шайхутдинов бастаған басқа да ғалымдар, жоғары оқу орындарының басшылары, ҚазҰУ оқытушылары да арнайы келіп сыйлықтарын тарту етті, жылы құттықтауларын жеткізді. Е. Шайхутдинов экономистің адамгершілік қасиетіне ерекше тоқталса, К. Сағадиев еңбекқорлығын, ізденімпаздығын жастарға үлгі етті.

Сонымен бірге туған күн иесіне ҚР мемлекеттік хатшысы Мұхтар Құлмұхаммед, Астана қаласының әкімі Иманғали Тасмағамбетов және мәжіліс, сенат депутаттарының атынан да арнайы құттықтаулар келді. Жылы лебіздердің қатарын сондай-ақ, Ресейден, Өзбекстан, Татарстан, Белорусия, Қырғызстан сияқты тағы да басқа шет мемлекеттерден келген құттықтаулар да толықтырды. Кезінде әлемдік сарапшылар С. Сатыбалдинді «әлемдік экономика ғылымына тосын құбылыс» деп атап, Қазақстан ғалымына үлкен баға берген болса, мерейтой иесінің еңбек жолы мен шәкірт тәрбиелеудегі, экономиканы дамытудағы қосқан үлесі жайында, спорт саласындағы қабілеттілігі турасында баяндаған



экономика және бизнес жоғары мектебінің деканы Баян Ерембебаева С. Сатыбалдинді «білімді ұрпақ қалыптастырудың үлгісі» деп бағалады.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

ЖИЫН ■

РЕКТОРАТ ■

ШЫҰУ аясындағы құжатқа қол қойылды

Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы Университетінің негізгі мақсаты Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына мүше-мемлекеттердің экономикасын және еңбек нарығы мен мәселелерін ескере отырып, басты энергетика, экология, аймақтану, нанотехнология және IT мамандықтары бойынша келісілген инновациялық оқу бағдарламаларының негізінде жоғары кәсіптік мамандарды дайындау болып табылады.



Жақында нанотехнология бағыты бойынша Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы Университеті (ШЫҰУ) аясында магистрлік бағдарламаларды жүзеге асыру және ғылыми серіктестікті кеңейту мақсатында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың оқу жұмысы жөніндегі проректоры У.С. Әбдібеков пен «Мәскеу болат және балқыма институты» Ұлттық зерттеу технологиялық университеті өкілдерінің, сонымен қатар тьюторлары және ғылыми профильді тақырыптардың жетекшілері арасында кездесу өтті. Кездесу барысында нанотехнология бағыты бойынша ШЫҰУ аясында магистранттарды дайындаудың оқу бағдарламалары қарастырылды. Сондай-ақ ШЫҰУ-дың магистрлік бағдарламаларын құру, магистрлік диссертациялардың ғылыми бағыттарын келісу және бакалаврларды бірлесе дайындау, екі диплом бағдарламасы бойынша білім беру мүмкіншіліктері де сараланды.

«МБЖБИ» ұлттық зерттеу технологиялық университетінің наноматериалдар саласындағы жетекші ғалымдары, кафедра менгерушілері университетіміздің химия және химиялық технология және физика-техникалық факультеттерінің бакалаврлары мен магистранттарына, жас ғалымдарға Ресейдегі нанотехнология саласының дамуы туралы дәрістер оқыды.

Екі жақты кездесу нәтижесінде ШЫҰУ аясында магистрлік бағдарламаны жүзеге асыру жөніндегі келісімшартқа қол қойылды. Осы келісімшарт негізінде біздің магистранттарымыз 2012-2013 оқу жылында Ресей Федерациясының үздік университеттерінің бірі «МБЖБИ» ҰЗТУ-де білім алуға мүмкіндік алып отыр.

Қазіргі таңда Қазақстанда Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы Университеті аясында аталған бағыттар бойынша мамандарды дайындауды жүзеге асыруда 13 басты (базалық) жоғары оқу орындары анықталды, соның ішіне әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті бар. Біздің университетіміз ШЫҰУ экология, нанотехнология, аймақтану бағыттары бойынша базалық жоғары оқу орны ретінде тандалса, ал экология бағыты бойынша Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларының үйлестірушісі болып табылады.

Сонымен бірге ШЫҰУ-ға мүше мемлекеттер арасындағы өзара сенім мен ынтымақтастық қарым-қатынастарды нығайту және көпжақты білім, ғылым және мәдени ынтымақтастықтың кеңейуінің жаңа импульсіне көңіл бөлуде, жастардың сапалы білім алуларына, ал оқытушылар мен ғалымдарға ғылыми байланыстарын дамыту мақсатында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде көптеген іс-шара жүргізілуде.

ШЫҰУ оқу орталығы

Стратегиялық құжат

Бүгінде ҚазҰУ оқытушыларының, студенттерінің ұтқырлығы артып келеді. Көшбасшы университеттің еліміздің білімі мен ғылымының дамуына қосар үлесі әлі де толағай болмақ. 7 мамырда өткен кезекті ректорат мәжілісінде «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары» туралы баяндаған ректор Ғалым Мұтанов осылай деді.

Стратегиялық құжат еліміздің инновациялық, индустриялық дамуына үлес қосуды, креативті, бәсекеге қабілетті түлектер даярлауды, өндірісте білім, ғылым және инновацияны байланыстыруды, ҚазҰУ-ды әлемдік жетекші зерттеу университеттері қатарына енгізуді мақсат етеді. Бұл орайда ҚазҰУ-ды 401-450 топ университеттер сапынан, екі жүздікке көтеру басты бағыт. Мұнда университет басшысы QS рейтингісінен өзге де халықаралық агенттіктер рейтингісінде биіктен көрінуді талап етті. Ғ. Мұтановтың айтуынша, ҚазҰУ-дың 2020 жылға дейінгі стратегиялық дамуының басты жоспары үш кезеңді қамтиды. Алдымен, бар ғимараттарды күрделі жөндеуден өткізу болса, одан кейінгі кезекте ғылыми кітапхана, Жас ғалымдар үйі және Инновациялық кластерлі кешен ғимараты, медициналық-биологиялық кластер және тағы да басқа да жаңа нысандар құрлысы қарастырылған. Алдағы уақытта Бақылау кеңесінде университеттің стратегиялық құжаты тағы бір қаралып, пысықталмақ.

Ректорат мәжілісінде әдеттегідей, студенттерге демеушілік шәкіртақылар тағайындалып, байқауларда жүлдемен оралған қатысушыларға дипломдар тапсырылды. «Нұр Отан» Халықтық-демократиялық партиясының Бостандық аудандық филиалының төрайымы, Бостандық ауданының әкімі Зәуреш Аманжолова ҚазҰУ ректоры Ғ. Мұтанов пен Әлеуметтік даму жөніндегі проректор Ш. Жаманбалаеваға ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың алғыс хатын табыс етті. Және партия мүшелігіне жаңадан қабылданған ҚазҰУ оқытушыларына партия билеттерін тапсырды. Сондай-ақ, мәжілісте профессорлар У. Шәлекенов пен Қ. Әбдәзұлы М.В. Ломоносов атындағы медальмен марапатталды.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

Айналаңды нұрландыр

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде тағы бір жаңалық. Университетте ҚазҰУ ректоры Ғ.М. Мұтановтың қолдауымен, ҚазҰУ жастарының бастамасы «Айналаңды нұрландыр!» атты қозғалыс бастау алды.

Қозғалыстың тұсауы жақында химия және химиялық технологиялар факультетінде жаратылыстану факультеттеріндегі ағылшын тілі клубтарының ұйымдастыруымен өткен «Ағылшын тілі» фестивалімен кесілді. Фестивальге университет басшылығы, барлық факультет оқытушылары мен студенттері қатысты. «Бұл бастама былтыр шет тілдер кафедрасының ұсынысымен қолға алынған болатын. Биыл тақырыпты «Айналаңды нұрландыр» деп атап отырмыз. Біз өзіміз жан-жақты жақсара отырып, өзгеге қуаныш, нұр сыйлай білсек, студенттер қазір білім нәрін бойларына сіңіріп, құндылықтарымызды сақтай отырып, болашақты осы асыл қасиеттерді пайдаға асырып жатса, сол игілікке жараған нәтиже болары сөзсіз. Өткізіп отырған жобамыз алдағы уақытта да өз жалғасын табады деп сенемін», - дейді ректор Ғалым Мұтанов фестиваль қатысушыларына. «Әр адам өзінше құндылық. Жұмбақ, құпия. «Бұлақ көрсен, көзін аш деген» қазақ даналығы. Міне қозғалыс осы

игіліктің жолын жалғастырады», - дейді Ғ. Мұтанұлы. Өзгемен тең дәрежеде білім-ғылым алмасу үшін ағылшын тілін меңгеріп, жастарға өз ойларын анық әрі нақты жеткізу үшін үнемі ізденіс үстінде жүріп, аянбай оқып, қазақ баласының қай салада болмасын мықты, жоғары деңгейде жүруге ұмтылуы керектігін айтып өтті ректор. Бұл ретте Ғ. Мұтанұлы студенттер қауымына үлгі танытып, ағылшын тілінде баяндама оқыды. Ректордың айтуынша, шет тілін меңгеру білім шекарасын кеңейтіп, әлемдік дәрежеде ой бөлісіп, үн қатысуға, үлкен қабілеттілікке жетелейді.

Факультет студенттері ағылшын тілінде Абай, Шекспир шығармаларынан театрландырылған көріністер қойып, жанды дауыста ән айтып, кәсіби тұрғыдан би биледі.

«Айналаңды нұрландыр!» немесе ағылшын тілінде айтқанда «Brightening one corner» идеясы корейлік ғалым Yöng-sil Kimнің осы аттас еңбегінде жүйеленген. Бұл идеяның басты мәні – әр

адам дара тұлға және әлемді нұрландыру үшін өз мүмкіндіктері мен міндетін толық және дұрыс атқаруы тиіс. Неге жеке (бір) тұлға? Себебі «бір» сөзінің семантикалық мағынасы дүниедегі барлық құбылыстың даралығын немесе қайталанбайтындығын көрсетеді. «Бір» сөзі әлемдегі ең құнды және абыройлы деген мағынамен сабақтасады. Мысалы, әрбір адам бір рет қана өмір сүреді, адамның «бір» ғана ата-анасы болады және адам ғұмыр бойы оларға қарыздар.

«Нұрландыру» дегеніміз не? «Нұрландыру» қараңғы түнекке шуақты сәуле төгіп, айналаны шуаққа бөлеу мағынасын береді. «Нұрландыру» дегеніміз біздің күнделікті өмірдегі мінез-құлқымыздың мейірімді, тура және әділ болуы керектігін білдіреді.

«Нұрландыру» - міндеті мен борышын орындау барысында әркім өз мүмкіндігіне жүгінеді. Нұрдың немесе Жарықтың мәні – жалынды құштарлығы және жігерлігі. Біз жоғары жетістіктерге жету үшін



үнемі бізге берілген мүмкіндіктерді пайдалануымыз қажет.

«Айнала» дегеніміз не? Айнала сені қоршаған орта, сенің мекенің, оқу немесе жұмыс орны. Ол, сондай-ақ ешкімге көрінбейтін жеке кеңістік болуы да мүмкін.

«Айнала» өткен күн мен болашақта да уақытша белгісі жоқ, бірақ қазір бар болып табылатын сені қоршаған әлем. «Айнала» - іс-жүзінде өзіңнің жеке борышыңды, жауапкершілігіңді немесе қандай да бір жағдайда орындалатын міндетіңді білдіреді.

Сондықтан әр адам «Айналаңды нұрландыр!» идеясын қабылдай отырып, өз орнында, өз

деңгейінде өзінің ата-анасы, достары, Отанының, әлемнің бүгінгі мен болашағын нұрландыруға үлес қоса алады. Жас дос, сен де бізге қосыл. Себебі сен ата-анаң, достарың, өз университетің және Елбасы бастаған егемен еліміздің сен үшін жасап жатқан зор қамқорлығы үшін бүгін және өз орнында қолыңнан келетін мүмкіндіктерді жүзеге асыруға тиіссің!

«Айналаңды нұрландыр!» қозғалысының жалғасуы үшін өз үлесіңді қос. Тың ұсыныстар мен игі бастамалар танытып, қоршаған ортаны бірге нұрландырайық.

Саяғұл ӘЛІМБЕКОВА

ДӘРІСХАНА

Фазылхан Бәйімбетов атындағы аудитория ашылды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті физика-техникалық факультетінде 27 сәуірде физика ғылымдарының доктор, профессор, әлемдік деңгейдегі ғалым Фазылхан Бәйімбетов атындағы дәрісхананың салтанатты ашылуы болды.

Фазылхан Бәйімбетов – бүкіл өмір жолын, ғылым жолын университетке арнаған ғалым, плазмалық физика мектебінің, кафедрасының негізін қалаушы. Физика-техникалық факультетінде ғалымға арналып «Жастық шақ және студенттік жылдары», «Академик Ф. Бәйімбетовтың ғылыми мектебі» атты қабырға тақта жасалып, суреттері қойылған.

«Фазылхан Бәйімбетов атындағы дәрісханасының ашылуы бұл – нағыз ғылымды дәріптеген ғалымның бүгінгі студенттерге қалдырған мұрасын насихаттау, еңбектерін таныта отырып дәріптеу деп білеміз. Білім бұлағын ашып, университетте плазмалық физика мектебін қалыптастырып, әрбір шәкіртті өз баласындай тәрбиелеген ғалым-ұстазға деген құрметпен жасалған дүние», - деді ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов өз сөзінде.

Бұл салтанатты шараға жары Роза Сүлейменқызы Бәйімбет келіні, ҚР ҰҒА академигі Т. Қожамқұлов, ҚР ҰҒА академигі С. Байзақов, физика-техникалық факультетінің деканы Б. Әлиев, плазма физикасы, спектроскопия және физикадағы компьютерлік әдістер кафедрасының меңгерушісі Ю. Архипов және ғалымның туған-туыстары, достары мен шәкірттері қатысып, университет басшылығы, факультет, кафедра ұжымына алғысын білдіріп, ыстық ықыластары мен жылы лебіздерін жеткізді. Осы орайда, «Қазақ университеті» баспасынан кафедра қызметкерлерінің, шәкірттерінің ұйымдастыруымен «Сотворивший себя» атты белгілі ғалым, педагог, ҚР ҰҒА Академигі Фазылхан Бәйімбетов туралы жарық көрген кітаптың тұсаукесері болып, студенттерге ғалым атындағы шәкіртақы тағайындалды.

Ендік АҚЖІПТ

ПРАЗДНИК

ДЕНЬ ВОИНСКОЙ СЛАВЫ



На военной кафедре КазНУ им. аль-Фараби прошел День открытых дверей, посвященный 20-летию образования Вооруженных Сил РК и 67-й годовщине Победы в Великой Отечественной войне.

Военная кафедра была образована в 1936 году с целью подготовки военно-обученного резерва для соединений и частей Красной Армии. Сегодня она по праву признана лучшей среди высших учебных заведений страны и осуществляет подготовку специалистов для мотострелковых войск и войск противовоздушной обороны по семи военно-учетным специальностям. Студенты-выпускники военной кафедры, призванные в ряды Вооруженных Сил, с честью служат Родине и продолжают славные ратные традиции старшего поколения.

Открыл праздник защитников

Отечества начальник военной кафедры КазНУ полковник Олег Степаненко. «Защита Отечества во все времена считалась высоким идеалом и священным долгом. Примером мужества и доблести являются казахские батыры, отражавшие нашествия иноземных завоевателей, наши ветераны войны и труженики тыла, которые отстаивали Родину в Великую Отечественную. За 20 лет независимости страны выросло новое поколение, готовое выполнить любые задачи по защите Отчизны. Уверен, что молодежь достойно продолжит славные воинские традиции», - подчеркнул он в торжественной речи.

Участников и гостей мероприятия также поздравили первый проректор КазНУ М. Буркитбаев, ветеран войны А.Рябцев, полковник запаса П. Ермекбаев.

«У меня трое сыновей, двое из них выбрали учебу в КазНУ им. аль-Фараби. Поступив на военную кафедру, они возмужали, стали более ответственным, требовательнее к себе. Я горда тем, что мои дети получают профессию в лучшем университете страны, где готовят не только высококвалифицированных специалистов, но и воспитывают настоящих патриотов Казахстана», - отметила родитель Н.Салимбаева.

На мероприятии с показательными выступлениями по строевой и специальной подготовке, рукопашному бою выступили курсанты Военного института Сухопутных войск Министерства обороны РК. Студенты, обучающиеся на военной кафедре, приняли участие в конкурсе строевой песни.

В праздничной концертной программе прозвучали военно-патриотические песни в исполнении преподавателей и студентов военной кафедры, победителей конкурса художественной самодеятельности Военного института Сухопутных войск. Также была организована выставка образцов вооружения и военной техники, которую с интересом посетили все желающие.

Соб. корр.

■ ТҰҒЫР

Ғаббас ЖҰМАТОВ, Ұлы Отан соғысының ардагері:

«Мені әскерге шығарып салған да, қарсы алған да қазақтың қара домалақ қызы – Раиса еді»

(Басы 1-бетте)

- Буырқанған жастық шақтың да өз дегені болады. Тағдыр жолы Раиса апай екеуіңізді бір арнаға тоғыстырыпты. Бәлкім, сол бір тәтті де сәтті кезеңдердің өзіндік бір құпиялы жолдары бар шығар?

- Енді өткеннен ой тартсам, біздің кезеңдегі ұрпақта жастық шақ, қазіргідей буырқанып, асыптасқан дәуір болған жоқ. Әскер қатарына алынардың алдында байланыс техникумын бітірдім. 14-тен 15-ке аяқ басқан кезімде сол техникумның баспалдағын Раиса екеуіміз бірге аттаған едік. 18-20 жастың арасы, жастықтың дәмін татар кезде әскер қатарына алындым. Алматының Малый станциясының крепостында мені әскерге шығарып салған, 16 жас шамасындағы қазақтың қара домалақ қызы - Раиса еді. Біз достық пен курстастық ниетті жоғары қоятынбыз. Бірақ ішкі ойымызда бір сезімнің болатыны анық еді. Анда-санда амандық білдіріп, хат жазысып тұрдық. Кейін елге оралғанда мені ағаларым мен сол баяғы қара қыз қарсы алды. Сонда ағамның «Мына қара қыз баяғыда шығарып салып еді, енді қарсы алып тұр ғой» деп әзілдегені бар. Келген соң ҚазҰУ-дың тарих факультетіне түстім. Әскери борышты абыройлы атқарып, 24-тен 25 жасқа қараған, от пен шоктың қазанында қайнап тұрған шағымыз болатын. Майдандастардың көбі нағыз қайсарлықтың қамытын киіп жүрген кездері. Айналадағы қыздардың бәрі де қаумалап, көздерімен көңілді арбап жүрген еді. Араға бір жыл толмай-ақ қара қызды қолыма қондырдым. Раиса...Мойынкүм ауданының, Көктерек деген жерінен, мамандығы дәрігер болатын. Үш бала тәрбиелеп, алты немере, екі шөбере сүйдік. Өмірімің бөлшегіне айналған жан-жарым Раиса Макашева 1992 жылы қайтыс болды (ауыр күрсінді).

- Ғаббас ата, зұлматты жылдардың жан жарасын емдеу оңайға соқпасы анық. Әскери өмір мен 1418 күнге созылған соғыс алаңына аттанудың өзі оңайға соқпаған болар?

- 1939 жылдың басы, 1940 жылдың аяғында Тау-кен институтында оқып жүргенімде, мені әскер қатарына шақырып, азаматтық борышымды атқаруға аттандым. Әскер қатарына алынғаның – адам болып шынығып, ел сенімін ақтап қайтқаның. Әскери міндетті неге өтемеске деген оймен, қатарымыздан қалмауға тырысатынбыз. Соған орай жасымды үлкейтіп, әскерге шақырылдым. Әскер қатарына алындым де-



ген қуанышпен, қайда бара жатқанымызды да білмедік. Есімде қалған достарым Мәми Әбдіразақ, Владимир Фурцов, Шабат Шулутов, Файзулла Турулов бар, тағы да басқа бір топ эшелонмен 15 күн, 15 түн дегенде жеттік. Бір топ сарбазды алып келген соң моншаға түсіріп, сосын әскери мамандық, жаяу әскер, артиллерия, әуеге оқ ату секілді бөлімдерге бөлді. Жолдастарым жаяу әскерге, атқыштар полкіне кетіп, мен артиллерияға түстім.

- Брест қамалының орнында «Отанымды сатпаймын. Қош бол, Отаным!» деп қабырғаға қашалған жазулар қалған екен. Сіз қамалды қорғаудың қак ортасында болдыңыз, қаншама ерлікке куә болып, өмір мен өлімнің ортасында жүрдіңіз...

- Менің бір білерім сондай жанды жаншып, көз жұмар алдында осындай сөздерді жазған жолдастарымның бірі Григорий Деревянко болған. Алапат соғыстың өрті көрген жеріміз Белоруссияның оңтүстік Брест қамалы еді. Жалпы, гарнизонның өзі 32 шаршы метр, ал қамалдың ұзындығы 4,5 шақырым еді. Басқа бекіністері де жетіп артылатын, мен оңтүстік бекінісінде болдым. Менімен бірге болғандар 125 атқыштар полкінде Фурцов Владимир Иванович, Мәми Әбдіразақ, Александр Сопиков, Мақсат Ниязов, Қажымұрат Сыздықов, Мұртаза Қаралиев, Сергей Лебедев, Валерий Вишняков, Асхат Набиуллин, Дастан Көшекбаев, Сайлау Сағындықов, Ержан Төлепбаев, Владимир Фурсов, Нұрым Сыдықов секілді қайсар жігіттер. Бук өзенінің арғы бетінде немістер, бергі бетінде кеңес әскері бетпе-бет келгенде көп шығынға

ұшырадық. Баса айтарым, Мәми Әбдіразақ, Владимир Фурцов өте ауыр жағдайда соғысты. Екеуі де аяғынан айырылып, тұтқынға түсті. Намысты жоғары ұстап, сол жердегі ұстанымдарын көпке шейін бермей жаулап алуға тырысты. Қолымдағы бар сүйенер қаруым – 1898 жылғы «Абрасса Мосина» винтовкасы болды.

Менің соғыстағы алғашқы міндетім - артиллерияда радио байланыс бөлімінде хабар алып-тарату еді. Ең бір өкініштісі, жау алаңсыз ұйықтап жатқан жерімізден басты. Дайындықсыз, басқа бөлімдермен байланыс жоқ кезде тұтқиылдан басып кіргені бізді сан соқтырды. Реті келгенде айтайын, біздің полк соғыстың бірінші және үшінші күндерінде жаудың 18 танкісін жойып жіберген едік. Бірнеше күндерден соң қоршауда қалдық. Қоршауды бұзып шығу үшін 49 адам орманға беттедік. Орманда отырып, алдымызда жатқан қара жолды бақылаймыз. Себебі онда жауларымыз қара құртша қаптап жүр. Төрт-бес есе басым жау легін көзбен көрдік. Себебі барлық қарумен жасақталып, жаяу әскерін қосақтап алған немістер дес берер емес. Батыс мемлекетпен соғысқан жоқ, Францияны бір күнде, Белгия, Скандинавияны алты күнде алды. Немістердің Кеңес әскерін де осылай тапап өте шығамыз деген ойлары болса керек. Бірақ біз берілмедік, берілмейтіндігімізді мойындадық. Берілетіндігімізді мойындасақ, соғыс төрт жылға созылмас еді. Парадка жиналғандай шұбырып келе жатқан жерінде алдынан қарсы шықтық. Біздің жігіттер ерлігін, еліне деген сүйіспеншілігін бірінші күннен-ақ байқатты. Көпшілігі қазақстандық болды, солардың ішінде Мәми

Әбдіразақ, Владимир Фурцовтың ерліктерін баса айтуға болады.

- Сол кездегі өрімдей қазақ жігіттерінің ажал тырнағына ілінгені бар, сіз секілді аман-есен еліне оралғандары да баршылық. Ал аяқ-қолынан айырылып келіп жатқандары да қаншама болды?! Ауыр соғыстың алапатында жүріп тән жарасы мен жан жарасын да арқалағаныңыз жасырын емес...

- 1942 жылы желтоқсанда Томск қаласына, Артиллерия училищесінің жеделдетіп оқыту курсына жіберілдім, оқуды аяқтағаннан кейін Оңтүстік майданнан Қызыл Тулы 5-ші Дон қазақтары кавалерия корпусына жолдама алдым. Осы корпустың танкіге қарсы 150-ші атқыштар артиллерия құрамында жерлес лейтенант К. Галиуллинмен бірге Украина шайқасына, Корсунь-Шевченко, Яско-Кишиневскіде фашистердің ірі тобын жоюға, Румыния, Югославия, Венгрия, Австрия, Будапешттің бірнеше аудандарын жаудан азат етуге қатыстым. Сонда Будапешт түбінде жараланып, өлім аузынан қалдым. Снарядтың ұшқыны дәл мойын мен иықтың ортасына қадалып, қан жүретін жүйеге 1 мм қалған оқты дәрігер операция жасап әрең алғаны бар. Тәніме қадалған снаряд оғы үйде әлі күнге сақтаулы тұр.

- Дүниені дүрбелеңге толтырған жылдар да артта қалды. «Женіс, біз жеңдік» деп қуаныштан атой салған күн әр майдангердің жүрегінде жаттаулы болар. Туған жердің топырағын басып, кеудеңізде жарқыраған жұлдыздарды ұрпағыңызға көрсетудің өзі бір бақыт емес пе?!

- Соғыстың өзі ұйықтап жатқан жерден басталса, ұйықтап жатқан кезде аяқталды. Австрияның бір селосында қонып

жатқанбыз. «Гитлер капут, война не будет. Война кончилась!» деген ұрандарды естіп, ұшып тұрдық. Дәл сол кезде қуаныштан жүрегіміз жарылуға шақ қалды. Қаруымызда қанша оқ бар, соны аспанға атып әлекпіз. Соғыс өртін өшірген күннің қуанышын Австрияда 500-600 метр жертеде сақталған шараппен жудық. Шарапты сыртқа шығарып, қуаныштан іше бердік. Соғыс бітті, бірақ жас лейтенанттарды Мәскеуге оқуға жіберуді ойлаған екен. Оның ішінде мен де бармын. Барлығымыздың ойымыз тек туған жерге қайтып, үймен қауышып, сағынышты басу болды. Әскери кеңеске арыз жазып, еліме қайтатынымды, ЖОО-да үзіліп қалған білімді жалғастыратынымды айттым. Жалпы Ұлы Отан соғысы 8 мамырда бітті, ал мен үшін 17 мамыр соғыстың соңғы күндерінің бірі болып есептеледі. Австриядан келгенде бізді қызыл армияның атты әскерлерінің бастығы, азаматтық соғыста ерлік көрсеткен Семен Михайл Буденный қарсы алды. Бұл кісімен кездесуім, патша генералмен кездескенім өз алдына бөлек әңгіме. Жалпы, соғыстың айтылмаған хикаялары жетерлік. Батыс шекарадан басталған соғыс Вена түбінде аяқталды. Содан кейін еліме оралдым.

- Бұл күндері қарашаның жастары сізді үлкен азаматпен мадақтап, құрметті мазматымыз деп таниды. ҚазҰУ-дағы қадамдарыңызбен бөлісе кетсеңіз.

- Соғыстан кейінгі өмірім ҚазҰУ-дың баспалдағында өтті. Тарих факультетінде білім алып, кандидаттық диссертация қорғап, профессорлықпен қоса «Қазақстанға еңбегі сіңген қайраткер» атағын алдым. Бақытжан Жұмағұлов ҚазҰУ ректоры болған жылы «Алтын жұлдыз» медалімен марапатталдым. Соғыста ерлігіме бола берілген медальдарым да жетерлік. Бұл Отанымды қорғау жолында төккен терімнің елеулі еңбегі десем артық айтқаным болмас.

- Бүгінгі білім мен ғылым жолында жүрген жас толқынға айтар ақ тілегіңізге кезек берсек...

- Студенттер мен жастарға айтарым, біз секілді аға ұрпақтың соғыста көрсеткен жігерін, ерен ерлігін ұмытпаса болғаны. Көңілдерінде сақтап қана қоймай, алдыңғы толқындарға жеткізіп, әр басқан қадамдарын бағалап отырса деймін. Отанды сүю, қызмет етіп, еңбек ету басты орында екенін ұмытпасын жастарым!

- Әңгімеңізге үлкен рахмет!

Сұқбаттасқан,
Жанат ҚАСЫМБЕКОВА

■ АЛАУ

КІТАПҚА ДЕГЕН СҮЙІСПЕНШІЛІК

*Артық ғылым кітапта, ерінбе оқып көруге...
(Абай)*

2012 жылғы 23 сәуір мен 3 мамыр аралығында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Тәрбие жұмысы жөніндегі департаменттің ұйымдастыруымен жалпыуниверситеттік «100 кітап» апталығы өтті. Апталықтың мақсаты студенттерге кітаптың адам баласына пайдасын, құндылығын, кітаптан алған білімі арқылы әлемді тануға болатынын ұғындыру.



Қабдеш Жұмаділовтің «Тағдыр» романы енгізілген. Халықаралық қатынастар факультетінің «Шығыс әлемі» клубының ұйымдастыруымен Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы»



роман-эпопеясы бойынша абайтанушы, филология ғылымдарының докторы, профессор Өмірхан Әбдиманұлымен кездесу өткізіледі.

Филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің барлық клубтары мен үйірмелері мүшелерінің қатысуымен Сәкен Жүнісовтің «Аманай мен Заманай» романы бойынша түсірілген «Заманай» атты көркем фильмі тамашаланып, соңы клуб мүшелерінің қызу пікірталасына ұласты.

«Қазақ жазушыларының шығармашылық мұралары» деген атпен шығыстану факультетінің «Араб әлемі», «Гүлістан» үйірмелері, «Шин сэдэ», «Нихонгосалон», «Жасғалым» клуб мүшелерінің қатысуымен «Жыр сайысы» өтсе, экономика кафедрасының «Экономист ХХІ века» үйірмесінің мүшелерінің арасында «Менің сүйікті авторым» тақырыбында шығыс ойшылы Конфуций, Гогольдің «Ревизор», Эрнест Хемингуэйдің «Қош, бол

майдан» шығармалары бойынша шағын эссе жазудан сайыс өткізілді. «Қолданбалы механиканың қазіргі мәселелері» ғылыми үйірмесінде «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасы аясында Мұхтар Шахановтың «Өркениеттің адасуы» шығармасына арналған дөңгелек үстел өтті. Дөңгелек үстелде үйірме мүшелері «Өркениеттің адасуы» атты романынан «Бакыт геометриясы», «Ел тілегінің күші», «Желтоқсан алаңы» өлеңдерін оқыды. Дөңгелек үстелге қатысушы студенттер оқылған өлеңдер мен М. Шахановтың «Компьютербасты жарты адамдар» концепциясында көтерілген рухани құндылықтар жайлы өз пікірлерін білдіріп, ойларын ортаға салды.

Апталық аясында ашық куратор-эдвайзерлік сағаттар өткізілді. География, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының аға эдвайзері г.ғ.к. Ө.Ж. Сағымбай топ студенттеріне казактың клас-

сик жазушыларының бірі Фабит Мүсіреповтің «Ұлпан», Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебі», «Мөлдір махаббат» шығармалары бойынша әдеби кеш өткізді. Әдеби кешке ақын, Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты, филология ғылымдарының кандидаты Ә.Ж. Қайырбеков қатысты. Қатты дене және бейсыздық физика кафедрасының куратор-эдвайзерлері Г. Қ. Ташкеева, Т.Б. Данегулова, Г.А. Исмаилова, К. Сарсембаева, В.Н. Жұмабекова, А.К. Бейсебаева, А.Б. Манапбаева 2 курс студенттерінің арасында «Абайдың жастық шағы» атты пікірталас, дипломатиялық аударма кафедрасының эдвайзерлері Г. Әбдіухитова, Г. Тілеужанова халықаралық құқық 13, 15 топтарының студенттерінің қатысуымен М. Мақатаевтың «Мәңгі өлмес жырыменен із қалдырған...» атты шығармашылық кеш, халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының куратор-эдвайзері Р. Садықова «Махаббат. Оның мәні және сырттай көрініс табуы» атты дөңгелек үстел ұйымдастырды.

Студенттер белсене қатысқан ІІІ кезеңнен тұратын «100 кітап» байқауы бойынша «Жалынды жастар, білімді жастар» сайысында факультет атынан сайысқа түскен топ студенттері оқыған шығармаларынан бейнероликтер түсіріп, әдеби шығармалардан көріністер көрсетті, барлық 100 шығарманы қамтыған

викториналық сұрақтарға жауап беру арқылы бақтарын сынады. Қазылар алқасы ф.ғ.д. Қ.Қ. Мәдібаева, ф.ғ.к. Х.С. Мұхаммадиев, ф.ғ.к. Х.Ә. Қарабаева, ф.ғ.к. Н.Ж. Егізбаева және «Біз» студенттер театрының режиссері Ф. Сайлаубеков әділ бағаларын берді. Байқаудың қорытындысы бойынша І орынды физика-техникалық факультеті, ІІ орынды экономика және бизнес жоғары мектебі, ІІІ орынды философия және саясаттану факультетінің топтары иеленді.

Осылайша алғашқы жалпыуниверситеттік «100 кітап» апталығы өз мәресіне жетті. Біз қай факультетке барсақ та студенттерге университет ректоры Ф. Мұтановтың: «Бұл алғашқы бастама. Бұл кітаптардың тізімі толығы бермек. Біздің мақсат – ҚазҰУ-ға оқуға келген жас студенттің төрт жылда жүз кітапты оқып шығуы азаматтық борыш екендігін сезіндіру. Өзге жоғары оқу орындары студенттерінен ерекшеленетін басымдығы да осы болмақ. Осылайша, жастар арасында кітап оқуды сәнге айналдыру қажет» деген сөзін қайталап айтып жүрдік. Расында да кітаптан оқып алған білім – ғұмырлық байлық. Әрбір есті адам саналы өмір үшін ақыл-білім кенін кітаптан іздеп, кітаппен достасады.

Шынар КАНАФЬЕВА,
Тәрбие жұмысы жөніндегі департаменттің жетекші маманы

МӘДЕНИЕТ ■

КӨНЕ КІТАПТАРДЫҢ ТҮПНҰСҚАСЫН ТАМАШАЛАДЫ

5,5 млн-нан астам кітап қоры бар, әлемнің әртүрлі тілінде жазылған әдебиеттермен және тарихи асыл мұралармен еліміздің мәдениетінде ерекше орын алатын Ұлттық кітапханамызда ұйымдастырылған мәдени-танымдық саяхат сабағы әлемдік кітап нарығында - отандық әдеби қорымыздың, әлемдік білім беру нарығында - қазақстандық білім саласының бәсекеге қабілетті екендігін шетелдік студенттерге айқын дәлелдеп берді.

манауи үлгіде қызмет көрсететін мекеме студенттерге өте ұнады. Әсіресе, сирек кездесетін кітаптар қорындағы асыл қазынамен - әдеби мұрамен тек виртуальды түрде ғана емес, нақты көзбен көруі оларға үлкен әсер етті. Сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар бөлімінің меңгерушісі Набат Мұсаханқызы ХІХ ғасырда ақ параққа алтын жалатылып жазылған қасиетті кітап

«Құранның» түпнұсқасын, ХІІ ғасырда жазылған көне «Құранның» электронды нұсқасын ауғандық студенттердің назарына ұсынды. Діни ұстанымы мұсылман студенттерге бұл кітаптар айрықша әсер етті: қасиетті кітапқа қайта-қайта тәу етіп жатты. Алланың көктен жіберген қасиетті төрт кітабының бірі ХҮІІ ғасырда көне иврид тілінде пергаментке жазылған ұзындығы 14 метр «Торо – Таурат» қолжазбасы да оларды бей-жай қалдырмады. Сонымен қатар шығыстың ұлы шайырлары Фирдоусидің ХҮІІІ-ХІХ ғасырларда жазылған «Шахнамасы», ХҮ ғасырдағы Низамидің қолжазба кисса-дастандары, Қожа Ахмет

Яссауидің өкесі жазған қолжазбаның ХҮ ғасырдағы көшірмесі, Яссауи мен оның шәкірттері мөрлерінің таңбасы сақталған парақшаны көріп тамашалады. Көне араб графикасымен жазылған қазақ ақын-жазушыларының еңбектерімен, латын графикасымен жазылған ХХ ғасырдың басындағы қазақ қаламгерлерінің туындыларымен таныстырды. Сонымен қатар өзге ұлттардың асыл мұраларының сақтаулы тарихи жәдігерлерімен, атап айтсақ, әлемде үш қана елде бар, тіпті Оңтүстік пен Солтүстік Корей мемлекеттерінің өзінде жоқ корей халқының шежіресінің елу қолжазбасының түпнұсқасымен

және 1817 жылы Санкт-Петербургте көне славян тілінде жарық көрген «Тоска по Отчизну» атты 2 томдық кітаптың түпнұсқаларын назарымызға ұсынды. Кітап – білім мен танымның ғана қайнар көзі емес, өркениетті өмірдің де басты кілті екенін шетелдік жастар ғана емес, өзіміздің еліміздің жастары ұмытпаса екен. Кітапханаларымыз қызықты кітаптар мен оларды сүйіп оқитын оқырмандарға тола берсін, деген ізгі тілекпен кітапханадан шықтық.

Рахила ТҰРСЫНҚЫЗЫ,
ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының аға оқытушысы

«Кітап – таусылмас қазына» деген дана сөзді басшылыққа алған ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының ұстаздары елімізге білім алуға келген шетелдік студенттерді Алматыдағы Ұлттық кітапханамызға алып барды. Кітапхана қызметкерлері Ұлттық кітапхананың кітап қорымен, жұмыс істеу, қызмет көрсету үлгісімен таныстырды. Қазіргі жа-

Студенттер ағаш отырғызды

«Атаңнан мал қалғанша тал қалсын», - дейді дана халқымыз. Осы бастамамен ҚазҰУ студенттері көктем мезгілі басталғалы ағаш отырғызу шараларына белсенді араласып кетті. Осы бағытта, ҚазҰУ студенттерінің атқарып жатқан іс-шаралары көп, солардың бірі молекулалық биология және генетика кафедрасына қарасты «Жас эколог» ұйымының Медеу шатқалында ұйымдастырылған ағаш отырғызу жұмысында белсенділік танытқанын атап өткен жөн.



Ұйым мүшелері бір кісідей жұмылып табиғат анаға деген сүйіспеншілігін сөзбен емес, іспен көрсетуге бел буып, қолайсыз ауа-райына қарамастан жасыл желектерді отырғызу арқылы, басқа да жастарымызға үлгі көрсетті. Адамзатқа теңдессіз, қалтқысыз қызмет етіп келе жатқан ағаштың маңыздылығын айтып жеткізу өте қиын. Адамның бір минутта өмір сүре алмайтыны ауа болса, сол ауаны жасайтын, тазалайтын, сүзгіден өткізетін, яғни ауадағы газдарды өзіне сіңіріп, орнына оттегі бөліп шығаратын өсімдіктер жамылғысы. Адамзат өз тарихында осы күнге дейін ағаштан артық ауаны тазартатын бірде-бір қондырғы ойлап таба алмапты. Өсімдіктер ауаны тазартқанымен қатар ауаны реттеп, шудың азаюына ерекше пайдасын тигізеді. Ыстықты, аязды басып, ылғалдылықты сақтап, топырақтың құнарлылығын сақтайды, дауылдардың екпінін азайтады. Жыл өткен сайын шөл далалардың көбейіп, құрғақшылық артып, экологияның күрт бұзылуына тікелей ағаштардың, ормандардың азаюы себеп. Ұрпағымызға ағаш егу мәдениетін қазірден бастап үйрету кезек күттірмейтін мәселе.

Жұмыс барысында, қылқан жапырақты тұқымдасына жататын арша, шырша, қарағайлар отырғызылып, шатқалды қоқыстардан тазалау жұмыстары жүргізілді. Белсенді жұмыс істеген студенттер алғыс хатпен марапатталды.

А.Е. ОРАЗБАЕВ,
«Жас эколог» ұйымының жетекшісі, х.ғ.к.

ОРТА

«Геобрат»

ҚазҰУ тарихында тұңғыш рет география және табиғатты пайдалану факультетінде «Геобрат» қауіпсіздік бөлімі құрылды. Студенттік деканат жанынан ашылған «Геобрат» қоғамының төрағасы аталмыш факультеттің 2 курс студенті Саламат Кабидаев. «Геобрат» қауіпсіздік бөлімі «Студенттік деканатпен» бірігіп факультет үшін жұмыла жұмыс жасайтын болады.

Бұл ұйымның ең негізгі мақсаты – студенттер арасында салауатты өмір салтын насихаттау және студенттер арасындағы қарым-қатынасты қалыптастыру, студенттер арасында кикілжіндерге жол бермеуге арналған. Сонымен қатар, студенттердің мәдениетін қалыптастыру «Геобрат» қауіпсіздік қоғамының алға қойған міндеттерінің бірі. Өзіміз куә болып жүргендей, темекіге құмарлық, қала көшелеріне, университет айналасына қоқыс тастап, тұрған жерінде түкіру сияқты жиіркенішті жайттар біздің өмірімізде күнделікті көрініске айналып барады. Міне, осы және өзге де мәселелерді шешу үшін «Геобрат» ұжымы барынша атсалысатын болады.

Гүлзара СЕЙТМАҒАНБЕТОВА,
география және табиғатты пайдалану факультетінің студенті,
«Студенттік деканат» ұжымы

АБАЙДЫ ОҚЫ, ЕРІНБЕ

Жақында физика-техникалық факультетінде «100 кітап» апталығының аясында қатты дене және сызықты емес физика кафедрасының куратор-эдвайзері Г.Қ.Ташкеева 2 курс студенттері арасында «Абай жолы» романына негізделген «Абайдың жастық шағы» атты пікірталас кураторлық сағатын өткізді.

Пікірталас барысында студенттер «Абай жолынан» мысалдар келтіріп, түйген ойларымен бөлісті. Дидар Мұхамедиев: «Біз, келешек ұрпақ, Абайды танып, білуіміз керек. Хәкімнің маржан сөздері бізді адастырмас шырақ деп білемін. Замандастарым ғұламаның шығармаларымен сусындап өссе, болашағы да жарқын болмақ», - деген ойымен бөлісті.

Студенттер осы мазмұнда пікір таласып, ақын өлеңдерін жатқа оқыды.

Адамның көзінің тоймайтындығына, нәпсіқорлыққа бейімді екендігіне көп мысал келтірді.

Даналықтың өлшемі бола білген философ ақынның рухани мұрасы шын мәнісінде, қазақ халқының зерделі ойы мен өмірі тұрғысындағы энциклопедия секілді. Абайды танып, белсенді игере отырып, сол кездегі қазақ қоғамының экономикалық, саяси, құқықтық, отбасылық, мәдени, тарихи, моральдық хал жайынан айқын да толық мағлұматтар алуға болатындығы айтылды. Сол замандағы

көп мәселелер бүгінгі таңда да өз шешімін таппағандығы, өмірдегі шиеліністер мен қарама-қайшылықтар – ертеңгінің қозғаушы күші болуға тиіс деп студенттер ойларын қорытындылады. Орынгүл Есәлиева Абайдың қара сөздері жайлы толғанса, Фариза Нахипова «Көзімнің қарасын», ал Серікова Ботакөз «Желсіз түнде жарық ай» атты Абайдың әсем әндерін шырақады.

Пікірталас барысында студенттер Абайдың «Ескендір», «Масфұт», «Әзім әнгімесі» сияқты тәрбиелік мәні зор поэмаларына да тоқталды.

Қорыта келе, студенттер Абай жайлы түйгендерін ортаға салды, жастар бойынан өз ұлтының тарихын, мәдениетін, ұлы есімдерді жоғары бағалай білетін қасиеттер айқын көрінді.

Г.Қ. ТАШКЕЕВА,
физика-техникалық факультеті
қатты дене және бейсызық физика
кафедрасының
аға оқытушысы

КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТЬ

Специалисты завтрашнего дня

Одна из стратегических целей КазНУ им. аль-Фараби состоит в интеграции связей с предприятиями по объединению материально-технической базы и кадрового потенциала для подготовки будущих высококвалифицированных и конкурентоспособных специалистов.

Решение задач интеграции учебного процесса с производством, обеспечения качественной теоретической и практической подготовки студентов успешно осуществляется в Высшей Школе Экономики и Бизнеса.

Специалист, обладающий прочной теоретической подготовкой, актуальным экономическим мышлением, навыками управленческой и организаторской работы, активными методами использования компьютерных технологий, высокой общей культурой и знанием иностранного языка, несомненно, будет востребован на рынке труда. Его также должны отличать инициатива и ответственность, потребность в постоянном обновлении и обогащении своих знаний, способность смело принимать новаторские решения.

Производственная практика для студентов-бакалавров специальности «Государственное и муниципальное управление» кафедры «Менеджмент и маркетинг» является частью целостного процесса подготовки высококвалифицированных специалистов. Студенты не только закрепляют полученные в вузе знания, но и устанавливают связи с предприятиями. В учебном процессе кафедра учитывает потребности и требования работодателей, и совместно с ними решает задачи по подготовке кадров новой формации.

Организация производственной и преддипломной практики на кафедре «Менеджмента и маркетинга» осуществляется по нескольким направлениям. Во-первых, это практика в государственных учреждениях. Так, кафедрой заключены договоры с отделом занятости и социальных программ Илийского района Алматинской области, Ассоциацией деловых женщин Казахстана, АО «КазТрансГаз Аймак», отделом предприни-

мательства акимата Алматы, внутренней политики, культуры и развития языков акимата г. Талдыкоргана, управлением экономики и бюджетного планирования Алматинской области.

Во-вторых, студенты заключают самостоятельно договора на прохождение практики. Например, они стажировались в Межрегиональном департаменте Комитета по работе с несостоятельными должниками Министерства финансов РК «Жетьюсу», Центре поддержки микрофинансовых организаций, ТОО «Machinery Service Ltd» и «Алтын Мирас». Как правило, договора на проведение производственной практики с предприятиями заключаются на пять лет. Эти соглашения позволяют гарантировано и целенаправленно распределять студентов.

Прохождение производственной практики проводится и в структурных подразделениях университета с учетом выбранного студентами направления обучения. К примеру, студент четвертого курса, специальности «Государственное и муниципальное управление» Куанышбек Ерниязов проходил практику в Центре сопровождения проектов ДГП «Научно-технологический парк» КазНУ.

Таким образом, компетентностно-ориентированная практика способствует укреплению связи кафедр с работодателями, позволяет оказывать преподавателям консалтинговые услуги предприятиям и организациям, где проходят практику студенты, а главное - это реальная и прекрасная возможность трудоустройства студентов по выбранной специальности.

У.К. ШЕДЕНОВ, профессор,
Х.У. САПАРГАЛИЕВ, доцент
кафедры «Менеджмент
и маркетинг» ВШЭиБ

Бейбіт күн – ардагерлер аманаты

Жеңіс күні мерекесі қарсаңында халықаралық қатынастар факультетінің профессор Г.Ш. Жамбатырова атындағы мәжіліс залында философия ғылымдарының докторы, профессор, Ұлы Отан соғысына қатысушы-ардагер, ҚазҰУ-да 50 жылдан астам уақыт еңбек еткен ұлағатты ұстаз Әбдірахман Шәріпұлымен кездесу өтті.



ашса, деген ойын жеткізді. «Біздің болашағымыз – жастар. Ауыл жастарын ақылы бөлімде жеңілдікпен оқытудың жолдарын қарастыруымыз керек», - дейді Әбдірахман Шәріпұлы. «Соғыс» деген суық сөзді екінші рет естімеуіміз үшін қан төккен, бейбіт күн сыйлаған ардагерлерге қашан да басымызды иеміз «Бейбіт күн - бізге ардагерлерден аманат» екендігін жақсы түсінеміз, - дейді студенттер. Кездесу соны өнерлі студенттердің ән-күйіне ұласты.

Г.У. АХМЕТӘЛИЕВА,
халықаралық қатынастар факультетінің аға куратор-ұйымдастырушысы

өзгертіп жіберді, қаншасы тұтқынға түсіп соғыстан елге оралмай қалды. Осылардың бәрі зерттелу керек. Тіпті соғысқа қатысқан қазақтардың саны да әлі күнге анықталмай отыр, мысалы Өзбекстанда тұрған қазақтардың

қаншасы соғысқа қатысқандығы туралы мәлімет жоқ деген мәліметтерді алға тартты ардагер.

Жеңіс туын желбіреткен Р. Қошқарбаевқа әлі күнге ескерткіштің болмауы ардагердің қинайтын

сұрақтардың бірі екендігін жасырған жоқ.

Сонымен қатар ардагер қазіргі мектепте жұмыс істейтін мұғалімдердің ғылыми дәрежесін көтеру үшін сырттай оқу бөлімдерін

КӨКЖИЕК

Жас өркеннің жетістіктері

Химия және химиялық технология факультетінде «Ең үздік ғылыми-зерттеу жұмыс» атты байқау осымен екінші рет ұйымдастырылып отыр. Былтырдан бері профессор М.К. Алдабергеновтың басшылығымен құрылған «Ә.Б. Бектұров атындағы Қазақстанның химиялық қоғамы» Қоғамдық бірлестігімен және «Жас физхимик» және «Жас каталитик» ғылыми-зерттеу үйірмелерінің ұйымдастыруымен өтетін бұл ғалым сайысы жаратылыстану саласындағы білімгерлердің көкжиегін кеңейте түскендей.

«Ең үздік ғылыми-зерттеу жұмыс» атты байқауға химия және химиялық технология факультетінің деканы, профессор Е.К. Оңғарбаев, деканның ғылыми жұмысы жөніндегі орынбасары, доцент Ж.К. Мылтықбаева, кафедра менгерушісі М.К. Алдабергенов, кафедраның ғылыми жұмысы жөніндегі менгерушісінің орынбасары, профессор Ж.К. Қайырбеков,

сыйлығының лауреаты, х.т.д., профессор А.К. Баешова. Екінші орын мұнайхимия мамандығының I курс магистранты Д.Д. Галиеваның «Разработка новых композиционных катализаторов окисление углеводородов» атты ғылыми еңбегіне берілді. Ғылыми жетекшісі: х.ғ.к., доцент Ж.Х. Ташмұхамбетова. Ал үшінші орын химия мамандығының I курс магистранты

ЖОБА

«ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасы негізінде физика-техникалық факультетінің плазма физикасы және компьютерлік физика кафедрасының студенттері факультет деңгейінде Әзілхан Нұршайықовтың жастардың қайнаған жастық өмірі туралы баяндаған, жалынды жастардың ерекше сүйіп оқитын махаббат гимніне айналған «Махаббат, қызық мол жылдар» кітабына сәйкес көрініс көрсетті.

«МАХАББАТ, ҚЫЗЫҚ МОЛ ЖЫЛДАР»

Факультеттің куратор-эдвайзері А.Б. Есбосынова ұсынған бірнеше кітаптың ішінен Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар» кітабын таңдағанымыздың себебі – жазушының шығармалары негізінен Отан соғысы және еңбек ардагерлерінің адамгершілігін, азаматтығын, ерлігін үлгі ету арқылы жас ұрпаққа патриоттық, еңбекшілдік, адалдық тәрбиесін беруді басты мақсат етуіміз.

ҚазҰУ-дың студенттерінің университетте тек біліммен сусындамай, сонымен қатар, отансүйгіштік,

адалдық, еңбеккорлық және мәдениеттілікке тәрбиеленуі - жаныңа жылу береді. Білімге толы, достық пен махаббат қолтықтасқан сүйікті ҚазҰУ қалашығымызды мақтан тұтамыз!

Ақбота АМАНГЕЛДІ,
Гаухар МАҚАТ,
физика-техникалық факультеті плазма физикасы және компьютерлік физика кафедрасының 101 топ студенттері

ОЛИМПИАДА

Интеллектуальные игры

В высшей школе экономики и бизнеса КазНУ им. аль-Фараби прошла IV Республиканская предметная студенческая олимпиада по специальностям - «Государственное и местное управление», «Менеджмент» и «Маркетинг». Организатором интеллектуально-го состязания на тему: «Инновационные идеи в национальную экономику Казахстана» выступила кафедра менеджмента и маркетинга. В олимпиаде участвовали 17 команд из 10 вузов Алматы, Шымкента, Актөбе и Усть-Каменогорска.

На торжественном открытии олимпиады с приветственным словом выступили академик НАН РК С. Сатыбалдин, заведующая кафедрой «Менеджмент и маркетинг» К. Мухтарова, доктор экономических наук Н. Урузбаева и представитель генерального спонсора компании «GSM Казахстан» Т. Филиппчик.

В рамках первого тура команды презентовали свой вуз и, соответственно, саму команду. А во втором они знакомили со своим инновационным проектом.

По результатам олимпиады по специальности «ГиМУ» первое место заняла команда «Ел тұтка» КазНУ им аль-Фараби, второе - «ГМУ-334» из Академии международного бизнеса, третье досталось команде «Алаш», представлявшей Международный казахско-турецкий университет им. А. Ясауи. В номинации «Приз зрительских симпатий» были отмечены команда «Дастан ағай и его команда» - КазЭУ им. Т. Рыскулова. Приз генерального спонсора получили представители Актюбинского университета им. С.Байшева команда «Локомотив». В номинации «Креативная команда» выиграла команда «Алаш» (МКТУ им. А. Ясауи).

По специальности «Менеджмент» первое место заняла команда «Ғылым қырандары» КазНУ им аль-Фараби, на втором оказалась «Білікті менеджерлер бірлестігі» КазЭУ им. Т. Рыскулова, бронзу поделили команды «ТРЭК» из ВКГТУ им. Д. Се-

рикова и «Iteam» КазНУ им. аль-Фараби. В номинации «Приз зрительских симпатий» была отмечена команда «Триумф» ЮКГУ им. М. Ауезова. Приз спонсора получила команда «ТРЭК» ВКГТУ им. Д. Серикова, в номинации «Креативная команда» лучшей стала команда «Ғылым қырандары» КазНУ.

По специальности «Маркетинг» призовые места распределились следующим образом: первое место - команда «Effect team» (КазНУ им. аль-Фараби), второе - «9.1.1.» (Университет Международного Бизнеса), третье - «Step-up» (Международная Академия Бизнеса). Приз зрительских симпатий достался команде «Формат 3D» из КазНАУ. Компания «GSM Казахстан» отметила команду «Marketingplus» ЮКГУ им. М. Ауезова. Самой креативной назвали команды студентов «GRA 4.0» из КазЭУ им. Т. Рыскулова. Специальный приз спонсора достался команде «9.1.1.» Университета Международного Бизнеса.

Как отметили организаторы, мероприятие было направлено на формирование у молодежи управленческого мышления и стимулирование научно-исследовательской деятельности студентов в сфере инновационного менеджмента.

Самал ТАЖИЕВА,
к.э.н., и.о. доцента кафедры «Менеджмент и маркетинг»

Н.Т. СМАҒҰЛОВА,
х.ғ.к., аға оқытушы,
Ж.Т. ЕШОВА,
х.ғ.к доцент



химия институтының профессоры С.М. Қонысбаев және кафедраның профессор-оқытушы құрамы қатысты. Өткізілген байқау студенттердің ғылымға деген қызығушылығын арттыруға үстеме бола отырып, жана идеяларға бағыт берді. 12 ғылыми жоба ішінен жүделі орын иегерлері анықталды. Байқау жүлдегерлері ақылы сыйлықтармен және дипломдармен марапатталды.

Нәтижесінде бірінші орын бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы мамандығының 2 курс студенті Айдын Әбілқастың «Разработка принципиально нового способа получения хлорида меди (I)» деп аталатын жұмысына берілді. Ғылыми жетекшісі ҚР мемлекеттік

Г.Б. Бердібектің «Полимерлі лигандтармен Pd²⁺ ионының комплекс түзуі» деген өнімді жазылған еңбегіне берілді. Ғылыми жетекшісі: х.ғ.д., профессор А.К. Оспанова.

Жас ғалымдардың ғылым жолындағы еңбектері өз жемісін көрсете білді. Ғылыми жоба иегерлері алғыс грамоталарымен марапатталды. Конкурса ұсынылған PhD – докторанттардың, магистранттардың және 4-курс студенттерінің ғылыми жобалары жана өндірістік ортада арнайы бизнес жоспарлар құруда алғы шарт болып табылды.

Желаяқ студент

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жеңіл атлетика бойынша ең алғаш рет марафондық жүгірісті бағындыруға арналған шара өтті. Бұл марафондық жүгірісті бағындырған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті география және табиғатты пайдалану факультетінің 2 курс студенті Әбдісамат Әріпов Әбдіжәмілұлы. Оның 42 км 195 м қашықтықты 04:29:58.42 уақыт аралығында жүгіріп өткен марафондық жүгірісі Алтын орда ауданынан бастап Ұзынағаш ауылын басып өткендегі аралықты қамтыды. Бұл марафондық жүгіріс ҚазҰУ-дың рекордтар кітабына енді.



Гүлмира ДАУЛЕТІЯРҚЫЗЫ,
география және табиғатты пайдалану факультетінің
2 курс студенті

Ә.Ә. Әріпов 1991 жылы 21 қазанда Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданында дүниеге келген. Қаныш Сәтбаев атындағы мектеп лицейін бітірген. Жүгіруге 6 жылдан бері қызығушылық танытады. Оның айтуынша, жүгіруге мұндай қызығушылығын оятып, ынталандырған және осындай рекорд енгізуіне себепкер болған жан – бір ару қыздың ықпалы екен. Әбдісаматтың мақсаты: «Елім маған қолдау көрсетіп үміт артса, олимпиадада еліміздің байрағын көкке көтеру».

Біз де мақсатына жетуіне тілектеспіз! Үміт артып, биік шыңнан көрінуін тілейміз! Осындай елім деп, жерім деп, еліміздің байрағын көкке көтеретін азаматтарымыз көбейе берсін!

ФУТБОЛ

ТАРТЫСТЫ ӨТКЕН ТУРНИР ТАЛАЙДЫ ТАМСАНДЫРДЫ

Спорт деген бір сиқыр дейді. Қазақ даласында қарашаңыраққа баланып, талай түлекті қанат қақтырған әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да өткен спорт сайысы талайды тамсандырды. Атап айтқанда, оқу ордамызда география және табиғатты пайдалану факультеті картография және геоинформатика кафедрасының ұйымдастыруымен футболдан турнир өтті. Тартысты өткен турнирге кафедрамыздың ұландары барын салып бақты. Жүйріктен жүйрік озарды байыппен бақылаған жанкүйерлер жағы жасыл алаңдағы жарысқа бағасын бас бармақпен берді.



Делебені алып, дегбірді қоздырған дүбірлі доп додасы біздің кара шаңырақта бірінші рет болып тұрған жок. Бірақ, бұл жолғы бәсекенің жөні бөлек, жайы басқа. Өйткені, шарапатты шара Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаевтың 100 жылдық мерейтойына арналды. Мұны Қазақстанның аяғынан қаз басып кетуі сынға түскен сәттерде ел басқарған тұлғаның құрметіне былғары доп бәсекесі арқылы бас ию деп ұққанымыз жөн. Әрине, бұл бер жағы. Қалың қазақ құрмет тұтатын тарихи тұлғамызға қандай құрмет көрсетсе де жарасады.

Ал жарыстың жайына келер болсақ, картография және геоинформатика кафедрасының 1-3 курс студенттерінен құралған 6 топ ерекше құлшыныспен қатысып, жарыстың көркін қыздырды десе де болады. Олар ә дегеннен әдемі өнер көрсетіп, әсерлі ойын сыйлады.

Турнирдің өтуіне факультетіміздің аға куратор-ұйымдастырушысы Зейнеп Сарсембекова қолдан келгенше қолдау көрсетті. Жарыстың жақсы өтуіне қосқан үлесі үлкен, еңбегі ерекше. Сол үшін де аяқ доп шеберлері апайына алғыстарын арнайды.

Жарыс қорытындысы бойынша 1, 2, 3 орынға ие болған командаларға кубок, грамота және ақшалай сыйлықтар тапсырылды. Жеңімпаз командаларға жеке-жеке тоқталар болсақ, бірінші және екінші орынды 1 курс студенттерінен құралған «Surveyor» және «Болашақ», ал үшінші орынды 2 курс қазақ бөлімінің студенттерінен құралған «GK-KZ» командалары жеңіп алды.

Ө.Ж. ТАУКЕБАЕВ, картография және геоинформатика кафедрасының ассистенті,
Е. ТӨРЕХАН, 3 курс студенті

Праздник спорта и красоты

В спортивном комплексе КазНУ прошел открытый фестиваль по аэробике, ставший ярким и зрелищным праздником. В этом году организаторы фестиваля сделали его открытым и пригласили участвовать команды вузов Алматы.

В фестивале приняли участие 24 команды 13 факультетов КазНУ, а также сборные КазЭУ им. Т. Рыскулова, Казахского государственного женского педагогического университета, Алматинского филиала Санкт-Петербургского Гуманитарного университета профсоюзов, Каспийского общественного университета. Судейство осуществляли члены Ассоциации фитнеса и аэробики города Алматы, во главе с Президентом Элиной Алимжановой.

По итогам фестиваля в номинации «Спортивная аэробика» призовые места достались представителям КазНУ. Первое место заняла команда второго курса факультета филологии, литературоведения и мировых языков, следом закрепилась команда второго курса Высшей Школы Экономики и бизнеса, а третье место разделили команды второго курса факультета химии и химической технологии и факультета международных отношений.

В номинации «Оригинальный жанр» первое место заняла команда Алматинского филиала Санкт-Петербургского Гуманитарного университета профсоюзов, второе досталось команде второго курса факультета журналистики КазНУ, а третье - сборной первого курса факультета журналистики и физико-технического факультета.

Также были определены лучшие участники фестиваля в номинациях Мисс «Фитнесс», «Улыбка», «Грация», «Хип-Хоп», «Звезда Востока» и других.

За «Лучший костюм» была отмечена команда первого курса факультета философии и политологии, а «За волю к победе» - команда второго курса физико-технического факультета.

Кафедра физического воспитания и спорта

ВНИМАНИЕ КОНКУРС!!!

Комитет науки Министерства образования и науки РК проводит конкурс на грантовое финансирование научных исследований на 2012-2014 гг. с общим объемом финансирования -

- 1,731 млрд. тенге по следующим направлениям:
1. энергетика;
2. глубокая переработка сырья и продукции;
3. информационные и телекоммуникационные технологии;
4. науки о жизни;
5. интеллектуальный потенциал страны.

Требования к заявкам, установлены конкурсной документацией, размещенной на сайте Комитета науки МОН РК: <http://www.scedu.kz>.

Заявки принимаются до 1 июня 2012 г. по адресу: 010000, г. Астана, ул. Иманова, 13, каб. №710.

Разъяснение конкурсной документации и консультации по подготовке заявок можно получить в Call-центре Комитета науки МОН РК по телефонам: +7 (7172) 57-91-36, 57-91-38, 57-91-39, 57-91-40, 57-91-53, 57-91-54.

Также по этим вопросам можно обратиться в Департамент по науке и инновационной деятельности КазНУ им. альФараби (Валентина Федоровна Кирюхина, т. 377 33 30, вн. 11-62).

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор м.а. – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА
Редакторлар: Еңлік АҚЖІГІТ, Айнұр АҚЫНБАЕВА, Ағыла ШУРИЕВА
Корректорлар: Гүлжан РҮСТЕМБЕКОВА, Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА
Беттеуші – Татьяна ӘКІМОВА
Фототілші – Алмат МҰХАМЕТЖАНОВ

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-35-20.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
“Бизнес Информ” баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды.
Тел.: 8 (727) 293-09-09

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы – 1000 дана.
Тапсырыс № 10271

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.